**СИЛЛАБУС**
**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі**
**«____» білім беру бағдарламасы**

**7M01504-Биология, 7M08402-Аквакультура және су биологиялық ресурстары, , 7M05113-Нейроғылым, 7M05112- Геоботаника, 7M05109-Биотехнология, 7M05105-Генетика, 7M05102-Биомедицина, 7M05101-Биология, 7M05119- Репродуктивті генетика, 7M05116-Микробиология, 7M02309- Әдебиеттану, 7M02104-Медиадизаин, 7M02102-Дизаин**

| **Пәннің ID және атауы** | **Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)** | **Кредиттер саны** | | | **Кредит-тердің жалпы саны** | **Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы** ОМӨЖ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Дәрістер (Д)** | **Семинар сабақтар (СС)** | **Зерт. сабақтар (ЗС)** | | |
| **Жоғары мектеп педагогикасы** PVsh 5203 | МӨЖ | 15 | 30 | | 5 | 6 . |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| **Оқыту түрі** | **Циклы, компоненті** | **Дәріс түрлері** | **Семинар сабақтарының түрлері** | **Қорытынды бақылаудың түрі мен платфомасы** |
|---|---|---|---|---|
| Оффлайн/онлайн | Теориялық | Шолу, проблемалық, аналитикалық, ақпараттық, дәріс-презентация | жағдаяттық, тренингтік, жобалау, дискуссия | Жазбаша емтихан Универ жүйесі |

| | |
|---|---|
| **Дәріскер (лер)** | Нургалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а. |
| **e-mail:** | nurdolores@mail.ru |
| **Телефоны:** | 87027675044 |
| **Ассистент (тер)** | Нургалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а. |
| **e-mail:** | nurdolores@mail.ru |
| **Телефоны:** | 87027675044 |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| **Пәннің мақсаты** | **Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*** | **ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)** |
|---|---|---|
| ғылыми-зерттеу, аналитикалық, өндірістік-қолданбалы іс-әрекет саласында кәсіби және тұлғалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, табысты кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ететін, оқытушылық іс-әрекетті және жалпы кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық мәдениетін көтеру үшін қажетті оқытушылардың кәсіби-педагогикалық ойлауын дамыту, ғылыми-педагогикалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру | ОН-1. Заманауи жоғары кәсіби білім берудің даму сатыларын, әдіснамалық деңгейлерін білу; Қазақстанда жоғары кәсіби білім берудің жүйесіне талдау жасай білу; | ЖИ 1.1. жоғары мектеп педагогикасының мазмұны мен мәнін анықтайды; ЖИ 1.2 білім беру парадигмалары, теорияларды түсінеді; ЖИ 1.3 ҚР жоғары білім беру жүйесін талдайды |
| | ОН-2. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті мен құзыреттілігі негіздерін игеру; білім беру аймағында өз зерттеуін ұйымдастыра алу; | ЖИ 2.1 Жоғары мектеп оқытушысының құзыреттілігін талдайды. ЖИ 2.2 Білім берудегі жобалау әрекетінің ұлттық білім беру жүйесінің модернизациялаудағы мәнін анықтайды; |
| | ОН-3. Білім берудің TLA-стратегиясын, ЖОО-да кредиттік жүйе бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру; заманауи дидактикалық принциптер мен талдау технологиясын, білім беру мен тәрбиелеудің технологиясын талдау; | ЖИ 3.1. Әлеуметтік-мәдени бағдарламамен жұмыс істей білу қабілеті артады; ЖИ3.2 Әлеуметтік мәдени жоба құрастырады. |
| | ОН-4.Блум таксономиясы бойынша құзыреттілікті бағалау; жоғары мектепте дәстүрлі және инновациялық әдістер мен білім беруді ұйымдастырудың жаңа технологияларын қолдану. | ЖИ 4.1. Жоғары кәсіби білім берудің мазмұнын талдайды. ЖИ 4.2 білім берудегі жаңа технологияны меңгереді. |

| | | |
|---|---|---|
| | ОН-5. ЖОО-да білім беру процесінде студенттер мен оқытушылар арасындағы коммуникативті қарым-қатынас технологиясын бағалау; | ЖИ 5.1. Педагогика саласындағы ғылыми-зерттеулерді сараптамадан өткізу біліктілігін қалыптастырады.<br>ЖИ 5.2 Зерттеу әрекетін жоспарлау және білім беру саласындағы мәселелер бойынша өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын игереді. |
| **Пререквизиттер** | «Ғылым философиясы мен тарихы», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», Педагогикалық тәжірибе | |
| **Постреквизиттер** | «Жеке әдістемелерді оқыту әдістемесі» «Білім беру әдіснамасы» | |
| **Оқу ресурстары** | **Әдебиет:**<br>**Негізгі:**<br>1. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы.Учебное пособие. 3-изд.Алматы: 2013.<br>2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) -Алматы: Қазақ университеті, 2006.<br>3. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет.<br>4. Шолпанқұлова Г.К., Калкеева К.Р. Ш78 Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 259 б<br>5. Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы ненгіздері: Оқу құралы. –Алматы, 2016. – 236б.<br>6. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Тойбаев Ә.Ж., Толешова У.Б., Жумабекова Қ.Б. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015, -190 б.<br>**Қосымша:**<br>1. Молдасан Қ.Ш.,Бектурганова Ж.М. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018, -195 б.<br>2. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал.Алматы: ҚУ.,2016.<br>3. Краевский В.В. Методология педагогики: Новый этап: учеб. пособие для студ. высш. учеб.заведений/ В.В. Краевский, Е.В. Бережнова, - М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 400 с.<br>4. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл. – 328 бет.<br>5. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б. | |

| | |
|---|---|
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы және өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталады.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалык/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, 87027675044 nurdolores@mail.ru. немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.<br>**МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **МООС**-қа тіркелуі қажет. **МООС** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

**Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| **Баға** | **Баллдардың сандық баламасы** | **% мәндегі баллдар** | **Дәстүрлі жүйедегі баға** |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағаттанарлықсыз |
| D | 1,0 | 50-54 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау –** пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 5-6 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Оқу нәтижелері бағаланады.

| **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
|---|---|
| Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 20 |
| Өзіндік жұмысы | 25 |
| Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Ап тас ы | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1 Педагогиканың жалпы негіздері** | | |
| 1 | **Д 1. 1.1. Педагогика – тәрбие мен оқыту жөніндегі ғылым**.<br>Оқытудың әдістемесі мен формасы: кіріспе-дәріс (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми зерттеу әдісі, слайд, бейнебаяндар). | **1** | |
| | **СС 1. Педагогика – тәрбие мен оқыту жөніндегі ғылым.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары.<br>1. Педагогикалық ғылымдардың адам жайлы ғылымдар жүйесіндегі орнын негіздеу.<br>2. Педагогикалық ғылымдардың негізгі категорияларының маңызды сипаттамасын ашып көрсету.<br>3. Педагогиканың саласы ретінде жоғары мектеп педагогикасының өзіндік ерекшелігін бөліп көрсету.<br>4. Бұл ғылымның нысаны мен пәніне, оның негізгі міндеттеріне сипаттама беру.<br>5. Жоғары мектеп педагогикасы бойынша ғылыми әдебиеттердің библиографиялық тізімін құрастыру.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талқылау, ауызша шағын хабарлама, презентация, конспектіні тексеру)* | 2 | 6 |
| 2 | **Д 2. Заманауи жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы дәріс-презентация (түсіндірмелік-иллюстративтік, ғылыми-іздену әдістері).* | 1 | |
| | **СС 2. Заманауи жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздерін дәлелдеу.<br>2. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық тұғырларына қысқаша сипаттама беру.<br>3. Құзыреттілік тұғырдың мәндік сипаттамасын ашып көрсету.<br>Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама) | 2 | 6 |
| 3 | **Д 3. Қазіргі заманғы білім беру парадигмалары**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).* | **1** | |
| | **СС 3. Қазіргі заманғы білім беру парадигмалары**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Сұрақтарды талқылау: «Парадигма» ұғымы. Білім беру парадигмалары. Парадигманың түрлері. Білім беру парадигмасының психологиялық аспектілері. Интегралды парадигмалар.<br>2. Тақырып бойынша презентация дайындау.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама, баяндама, талдау және жинақтау).* | 2 | 6 |
| | ОМӨЖ **1. МӨЖ 1** орындау бойынша кеңестер<br>**Педагогика – тәрбие мен оқыту жөніндегі ғылым**<br>1. Жоғары мектеп тарихы» және жоғары мектептің қалыптасу мәселелері мен оны шешу жолдары<br>2. Жоғары мектеп педагогикасының жетекші әдіснамалық тұғырларына сипаттама беру және кесте құру<br>3. ҚР жоғары білім беру мәселелері бойынша жазылған ғылыми басылымдарға таңдау бойынша ( оқулық, әдістемелік құрал, ғылыми мақала, зерттеу жобасы және т.б) ғылыми талдаудың өзектілігі мен практикалық маңызы арасындағы аспектілерді толық қамтып, сыни тұрғыда пікір жазу.<br>4. Негізгі педагогикалық ұғымдардан глоссарий құрастыру.<br>Бақылау формасы - презентация, жазбаша жұмыс, глоссарий. | | 18 |
| 4 | **Д 4. Қазақстандағы жоғары білім берудің дамуы.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (репродуктивтік, эвристикалық, ғылыми-ізденістік әдістер).* | **1** | |
| | **СС 4. Қазақстандағы жоғары білім берудің дамуы.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің орнын анықтау.<br>2.Қазақстанның жоғары білімін дамытудың ерекшеліктерін негіздеу. Қазақстанның білім беру жүйесін реформалаудың қағидалары.<br>3.Қазақстандағы жоғары білімнің құрылымы, бағыттары. Жоғары білімнің көпдеңгейлі сипаты.<br>4. Жоғары білім беру субъектілері және олардың функционалық қызметтері. Жоғары оқу орындары және оларға сипаттама. | 2 | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (рефератты қорғау, сызбанұсқа құрастыру, конспектілеу. | | |
| 5 | **Д 5. Жоғары мектеп оқытушысы.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-презентация (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).* | **1** | |
| | **СС 5. Жоғары мектеп оқытушысы.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Сұрақтарды талқылау: Жоғары мектептегі педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық негіздері. Жоғары мектеп оқытушысына қойылатын талаптар. Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттері. Оқытушы іс-әрекетінің логикасы. Жоғары мектеп жағдайында кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындығы. Кәсіби құзыреттілік құрылымы. Құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі.<br>2. «Жыл мұғалімі» және қойылатын талаптар<br>3. Сауалнама сұрақтарын дайындау: «Оқытушы студент көзімен»<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талдау, ауызша хабарлама, баяндама, сауалнама құрастыру)* | 2 | 6 |
| | ОМӨЖ **2. МӨЖ 2.**<br>1. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы. Өз ғылыми зерттеу жұмысыңыздың ғылыми аппаратын талдаңыз.<br>2. Педагогтың кәсіби әлеуеті және инновациялық іс-әрекеті құрылымын құрастырыңыз.<br>3. Мамандандырылуына сәйкес жоғары мектеп профессиограммасын құру.<br>жазбаша жұмыс, профессиограмманы тексер | | 20 |
| | **МОДУЛЬ 2 Жоғары мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс** | | |
| 6 | **Д 6. 2.1 Жоғары мектептегі білім беру мазмұны.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылми-іздену әдістері).* | **1** | |
| | **СС 6. Жоғары мектептегі білім беру мазмұны.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1.Келесі сұрақтарды талқылау: жоғары мектепттегі білім беру мазмұны, құзыреттілік жоғары мектеп педагогикасының негізгі лейтмотиві ретінде, құзыреттіліктердің түрлері, жоғары мектептегі білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік-құқықтық актілер.<br>2. Білім беру мазмұнының жаратылыстану-ғылыми негіздері. Тұрақты даму үшін білім беру мазмұнының экологиялық, педагогикалық және жаратылыстану аспектілерінің өзара байланысы.<br>3. Биоалуан түрлілікті теңгерімді қолданудың ұлттық стратегиясы.<br>4. Қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі ережелері.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (дөңгелек үстел, -әңгімелесу, баяндама, қысқаша анықтама, презентация).* | 2 | **6** |
| 7 | **Д 7. Педагогикалық ғылым жүйесіндегі дидактика.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-кеңес (проблемаллық баяндау әдісі, презентация, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері)* | **1** | |
| | **СС 7. Педагогикалық ғылым жүйесіндегі дидактика.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1.Сұрақтарды талқылау: дидактика педагогиканың бөлімі ретінде, дидактиканың категориялық аппараты, дидактиканың әдіснамалық негіздері және категориялары, оқытудың мәні, құрылымы және қозғаушы күштері.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (ауызша хабарлама, баяндама, презентация)* | **2** | **6** |
| | ОМӨЖ **3. МӨЖ 3** орындау бойынша кеңестер<br>1. Болон үдерісі қазақстандық жоғары білімнің еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдасуы (интеграциялануы)<br>2. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың дәстүрлі және жаңа моделіне сипаттама беру.<br>3. Қазақстандағы жоғары мектеп дидактикасының негізгі мәселелерін негіздеу.<br>**4.** Қазақстандағы көптілдік білім беруді ендірудің негізгі механизмдерін ашып көрсету. | | **20** |
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| 8 | **Д 8. Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі)* | **1** | |
| | **СС 8. Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1.Сұрақтарды талқылау: Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері. Оқытудың мәні және құрылымы. Оқытудың қызметтері және олардың ара қатынасы. Оқытудың қозғаушы күштері. | **2** | **6** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (ауызша хабарлама, презентация, рефератты қорғау*) | | |
| 9 | **Д 9. Жоғары мектептегі оқытудың заңдылықтары мен қағидалары.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пресс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).* | **1** | |
| | **СС 9. Жоғары мектептегі оқытудың заңдылықтары мен қағидалары.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1.Сұрақтарды талқылау: Жоғары мектептегі оқытудың заңдары мен заңдылықтары. ЖОО-дағы оқытудың заңдылықтарына сипаттама. Оқыту қағидалары.<br>2. Презентация дайындау: «Жоғары мектептегі оқыту қағидаларының жүйесі», «Өлкелік материалдарды білім беру үдерісіне пайдаланудың әдіс-тәсілдерін меңгеру», «Қазақстанда жерді ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздері».<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (аналитикалық есеп, қысқаша анықтама, презентация)* | **2** | **6** |
| 10 | **Д 10. Жоғары мектептегі оқыту әдістері.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: интерактивті дәріс (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, ғылыми-іздену әдістері).* | **1** | |
| | **СС 10. Жоғары мектептегі оқыту әдістері.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Сұрақтарды талқылау: Оқыту әдістері дидактика категорияларының бірі ретінде. Оқыту әдістерінің жіктемесі. Оқытудың белсенді әдістері. Оқытудың интербелсенді әдістері. Экологиялық аудит.<br>2. Вен диаграммасының көмегімен оқытудың белсенді әдістері мен интербелсенді әдістерінің айырмашылығын көрсетіңіз.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-диспут (топтық талдау, шағын хабарлама, үлестірме материал, бейнеролик*) | **2** | |
| | ОМӨЖ **4. МӨЖ 4** орындау бойынша кеңестер<br>**Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру**<br>1.Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде. Кластер құрастыру.<br>2.Оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, өз мамандығы бойынша бір тақырыпқа дәріс өткізу әдістемесін дайындау<br>**3.**Лабораториялық немесе практикалық сабақ жоспарының үлгілерін дайындау.<br>4.Қазақстанның ЖОО-дағы оқытудың кредиттік технологиясы» тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерден библиографиялық тізім дайындау, аннотация жазу.<br>Бақылау формасы – ғылыми реферат даярлау. | | **20** |
| 11 | **Д 11. Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру формалары.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-саяхат (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, проблемалық зерттеу әдістері).* | **1** | |
| | **СС 11. Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру формалары.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Мына сұрақтарды талқылау: ЖОО-дағы оқытудың негізгі формаларына сипаттама беру. Оқыту формаларын жіктеу тұғырларының мәнін ашу. Дәрісті, семинарды өткізудің дәстүрлі емес тәсілдері.<br>2. Кесте құру: «Жоғары мектептегі оқу үдерісін ұйымдастырудың формалары».<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (салыстырмалы талдау, ауызша хабарлама, жазбаша жұмыс*) | **2** | **6** |
| 12 | **Д 12. ЖОО-дағы оқыту технологиясы.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, проблемалық, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдістері).* | **1** | |
| | **СС 12. ЖОО-дағы оқыту технологиясы.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Сұрақтарды талқылау: Оқыту технологиясының мазмұны. Жоғары мектептегі оқыту технологиясының жіктелуі. Оқытудың технологиясының жіктемесі. Дамыта оқыту технологиясы. Ақпараттық оқыту технологиясы. Қашықтан оқыту технологиясы. Белсенді оқытудың ерекшеліктері. Оқыту әдістерін белсендендіру. ЖОО-дағы проблемалық оқыту. Проблемалық оқытудың формалары мен әдістері. Оқу әрекетін жобалауды ғылыми негіздеу. ЖОО-дағы оқу үдерісін жобалаудың ерекшеліктері. ЖОО-дағы білім беру технологиялары және олардың ерекшеліктері. Мемлекеттік экологиялық мониторинг. ЖОО-дағы ақпараттық технологиялар.<br>2. Г.Селевконың «Современные технологии обучения» оқулығын конспектілеу. Ұсынылған технологияның қайсысы жоғары мектеп үшін ыңғайлы? Негіздеу.<br>3. Сабақтың тақырыбы бойынша реферат жазу.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (салыстырмалы талдау, ауызша хабарлама, аннотация, презентация, рефератты қорғау)* | **2** | **6** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ОМӨЖ 5. МӨЖ 5** орындау бойынша кеңестер<br>«ЖОО-дағы оқыту технологиясы»<br>1.Болашақ маман ретінде өз мамандығыңыздың бір пәні бойынша студенттің оқу жетістіктерін бағалау кестесін құрастырыңыз<br>2.Жоғары мектептегі білім сапасының менеджменті тақырыбына жоба құрастырыңыз.<br>3.Жоғары мектептегі оқыту әдістері бойынша кесте құру.<br>4.Тестілеу рейтингтік бақылау формасы ретінде. Тестік тапсырмалар дайындау.<br>Бақылау формасы – презентация дайындау, материалдар топтамасы. кестені және тестік тапсырмаларды тексеру. | | **20** |
| 13 | **Д 13. Қазақстанның ЖОО-дағы оқытудың кредиттік технологиясы**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, ғылыми зерттеу әдістері).* | **1** | |
| | **СС 13. Қазақстанның ЖОО-дағы оқытудың кредиттік технологиясы.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Жоғары мектепте бақылауды ұйымдастырудың қағидалары. Бақылаудың негізгі қызметтері. Бақылаудың әдістемелік қызметтері. Білімді бақылау және тексеру жүйесі. Бақылаудың негізгі түрлері. Бағалау өлшемдері және оларға сипаттама.<br>2. Педагогикалық өлшеу педагогикалық бақылау әдісі ретінде. Отандық білім беру жүйесін реформалау және жетілдіру.<br>3. Қазақстандағы оқытудың кредиттік технологиясының ерекшеліктері. Оқытудың кредиттік технологиясы жағдайындағы оқу үдерісінің ұйымдастырушылық құрылымы. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыздандыру. Білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру.<br>4. Оқытудың кредиттік жүйесіндегі кәсіби практика. Кеңсе тіркеушісінің қызметі. Оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында оқытушының қызметтері.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар-пікірталас (бағалау сұрақтарын талдау, хабарлама, белсенді үлестірме материал)* | **2** | **6** |
| | **МОДУЛЬ 3 Жоғары мектептегі басқару** | | |
| 14 | **Д 14. Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастырудың теориялық негіздері.**.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық әдіс).* | **1** | |
| | **СС 14. Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастырудың теориялық негіздері.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1.Сұрақтарды талқылау: Жоғары мектептің тәрбие жүйесінің ерекшеліктері. ЖОО-дағы тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі өлшемдері.<br>2.ЖОО-ның білім беру кеңістігін ұйымдастырудағы тәрбие жұмысының рөлін ашып көрсету. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының бағыттары. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының әртүрлі формаларында болашақ маманның құзыреттіліктерін қалыптастыру. Кесте түрінде көрсету.<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (талдау және жинақтау, шағын хабарлама, аналитикалық есеп)* | **2** | **6** |
| | **ОМӨЖ 6. МӨЖ 6** орындау бойынша кеңестер<br>**Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастырудың теориялық негіздері.**<br>1.«ЖОО-да өзін-өзі басқару қажет!» тақырыбына жоба даярлау<br>2. Білім беру жүйесін басқарудың мәні және негізгі категориялары» тақырыбына шығармашылық жұмыс дайындау.<br>3. Болашақ мамадардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру жолдары<br>4. Білім беру сапасының педагогикалық мониторингі: ұғымдар, мақсаты, субъектісі және объектісі. Модель дайындау.<br>Бақылау формасы – шығармашылық жұмыс, модель, презентация | | **18** |
| **15** | **Д 15. ЖОО-дағы басқару.**<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).* | **1** | |
| | **СС 15. ЖОО-дағы басқару.**<br>Тәжірибелік (семинар) сабағының жоспары:<br>1. Сұрақтарды талқылау: ЖОО-ны, оның мәртебесі мен міндеттері. ЖОО-дағы басқару органдарының құрылымы. ЖОО-дағы әртүрлі деңгейдегі әкімшілік жұмысының өзіндік ерекшеліктері. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару. ЖОО-дағы өзін-өзі басқару, ұйымдардың негізгі қағидалары.<br>2. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жүзеге асырылатын іс-шаралар. (қоршаған ортаны қорғау, кәсіби бағдар, кәсіби практика, т.б.).<br>*Оқытудың әдістемесі мен формасы: семинар (шағын хабарлама, іс-шара жоспары, баяндама, жазбаша жұмыс)* | **2** | **6** |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |

| | |
| --- | --- |
| **Декан** | **Меирбаев Б.Б.** |
| **Заведующий кафедрой** | **Әлқожаева Н.С.** |
| **Лектор** | **Нургалиева Д.А..** |